

№9 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша

Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы №2

Күні: 4.01.2024 жыл

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры: Г.Б.Серикова
2. МДОБЖО: А.К.Көкебаева
3. МДТБЖО: А.Е.Беккулиева
4. Әлеуметтік педагог: Физатқызы Мөлдір
5. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ж.Ж.Ишанғалиева
6. Қамқоршылық кеңес мүшесі: А.Ибраева
7. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Д.Кабдрахманова

Күн тәртібінде:

1. Мектеп жанынан берілетін ыстық тамақтың берілу жайы.
2. Мектеп бойынша ерекше білімді қажет ететін оқушылар туралы.
3. Жаңа жыл қарсаңында оқушыларды сыйлықтармен қуанту.

Тыңдалды:

Мектеп директоры: Г.Б.Серикова – бастауыш бойынша 1-4 сыныптар 724 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. 5-11 сыныптар арасында осал топтың, әлеуметтік жағдайы төмен 265 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Қыркүйек, қазан айында ыстық тамақпен әлеуметтік педагог А.С.Жумагулова айналысты. Оқушылардың құжаттары талапқа сай. Қазіргі таңда әлеуметтік педагог Физатқызы Мөлдір. Мектеп жанынан шағын топ, 0 сыныптар, 1-11 сыныптар бойынша түгел оқушы жаңа жылдық сыйлықтармен қамтылды.

Әлеуметтік педагог М.Физатқызы – қазіргі таңда мектеп директорының 03 қаңтар №1 бұйрық негізінде 1-4 сынып бойынша 729 оқушы, осал топ отбасыларынан 101 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Ас мәзірі бекітілген, оқушылардың асханаға келіп тамақтануы кестеге сай. Ыстық тамақтың сапалы, нәрлі, уақытылы, мөлшеріне сай ұйымдастыру мақсатында комиссия құрылған.

Мектеп бойынша үйден оқитын 6 оқушы, мектепте отырған мүгедек 12 оқушы, инклюзив 12 оқушы бар. Барлық оқушылардың құжаттары бар. Жыл сайын комиссиядан өтіп тұрады. Мүгедектер қоғамы «Ой-сана» қоғамдық бірлестігі аясында ТШО -ның қолдауымен мектепте инклюзив оқушыларға арналған кабинет ашылды.

Мектеп директорының 06.12.2023 жылғы №76 бұйрығы негізінде 1910 білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жаңа жылдық мерекеге сыйлық алынды. Сынып жетекшілері сынып тізімі бойынша сыйлықтарын алып, оқушыларға таратып берді. Оқушыларда, ата-аналарда риза болды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ж.Ж.Ишанғалиева осы мектепте балаларымның барлығы оқыды. Қазір 9 сыныпта және 5 сыныпта балаларым оқиды. Мектеп мұғалімдеріне рахмет. Балаларымыз асханадан буфетный тамақтарын сатып алып жейді. Буфетный тамақтары жақсы. Балаларымыз аман болсын. Балалар тамақты үйденде жейді, мектептенде тамақтанады. Ең бастысы балаларымыз аман болсын, мектептің абыройы асқақтай берсін.


Қамқоршылық кеңес мүшесі А.Ибраева мектеп асханасын аралап қарап шықтым, мектептің бұйрығы, ас мәсірі барлығы ілінулі тұр. Балаларым асханадан тамақтанады. Үйге келгенде сұраймын. Балаларыма мектеп жанынан берілетін ыстық тамақ ұнайды. Мектептен берілген сыйлықты да алдық. Бұрын бұндай сыйлық алып көргеніміз жоқ. Мектеп әкімшілігіне рахмет. Балаларды қуантып жатырған.

Ұсыныс:

1. Мектеп жанынан берілетін ыстық тамақтың берілу жайы қолға алынсын.
2. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жандансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Ж.Ишанғалиева
М.Ғизатқызы



